Аннотация. В статье представлены результаты исследования промеров тела верблюжат пород верблюдов казахский бактриан и туркменский дромедар, разводимых в юго-восточном регионе Казахстана, в зависимости от возраста и пола при рождении, а также в возрасте 6, 18, 30 и 42 месяцев. В последние годы в юго-восточных регионах Казахстана наряду с местными казахскими двугорбыми верблюдами породы казахский бактриан фермеры все чаще занимаются разведением одногорбых туркменских дромедаров. Одногорбая туркменская аруана хорошо приспособлена к жарким климатическим условиям пустынных и полупустынных зон Казахстана и Средней Азии, тогда как двугорбую породу верблюда казахский бактриан эффективно разводят не только в жарких регионах, но и в равнинных местностях с суровыми зимными морозами, сохраняя при этом высокую продуктивность, характерную для данной породы. В соответствии с целью исследования особенности изменения промеров тела верблюдов различных пород в зависимости от возраста и пола были изучены в ТОО «Даулет-Бекет» Илийского района Алматинской области на основании результатов индивидуальных измерений животных. Анализ полученных данных показал наличие различий в показателях промеров тела верблюжат пород казахский бактриан и туркменский дромедар в период от рождения до 42-месячного возраста в зависимости от пола. При сравнении промеров тела установлено, что верблюжата туркменского дромедара превосходили казахских бактрианов по высоте в холке и косой длине туловища, однако уступали им по обхвату груди и обхвату пясти. Таким образом, основные промеры тела верблюжат обеих пород интенсивно формируются до 42-месячного возраста, после чего дальнейшее развитие связано с изменением телосложения и адаптацией организма к природным условиям среды. Знание закономерностей роста и развития верблюдов имеет важное значение для эффективного выращивания и сохранения молодняка, а также совершенствования племенных качеств и повышения продуктивности животных.

Ключевые слова: породы верблюда, промеры тела, бактриан, дромедар, самка, самец

Для цитирования: Омбаев А.М., Разуан Е., Дәулетов С.А., Мұканова Л.Б. (2026). Особенности изменения промеров тела верблюдов различных пород в зависимости от возраста и пола // Research, results – Ізденістер, нәтижелер – Исследования, результаты. Т. 28. Is. 5. Number 113. Pp. 19–32. https://doi.org/10.37884/5-2026/02 [In Kaz.].

Конфликт интересов: авторы заявляют об отсутствии конфликта интересов.

Кіріспе.

ФАО статистикалық мәліметіне сәйкес, әлем бойынша түйелердің жалпы саны шамамен 35 миллион басты құрайды. Әлемде түйе шаруашылығының өнімдері жыл сайын шамамен 1 миллион тонна тірі салмақтағы етті, 100 мың тоннадан астам жүнді және 1,2 миллион тонна сүтті өндіреді [Faye, 2015].

Африка құрлығында 12 тұқымдық дромедар өсіріледі (3153 мың бас немесе әлемдік түйе санының 17 %-ы), бұл осы түйе тұқымының 21 %-ын құрайды. Азия мен Мұхит аймағында 9 дромедар тұқымы және 5 бактриан тұқымы өсіріледі (3570 мың бас немесе әлемдік түйе басының 19 %-ы), бұл түйе тұқымдарының 25 %-ын құрайды. Таяу Шығыста 31 түйе тұқымы өсіріледі, оның ішінде 29 дромедар және 2 бактриан тұқымы бар (12073 мың бас немесе әлемдік түйе басының 64 %-ы), бұл түйе тұқымдарының 54 %-ын құрайды [Raiymbek, et al, 2015; Hoffmann, 2010].

Қазақстан тарихи тұрғыдан алғанда ежелден мал өсіруші ел. Мал шаруашылығы қазақтардың тұрмыс- тіршілігінің негізі, әрі көшпелі халықтың ең маңызды саласы болған. Мал шаруашылығының дамуына кең байтақ табиғи жайылымдардың болуы ықпал еткен.

Өнімділік тұрғысынан түйе шаруашылығы басым дамып келе жатқан Қазақстанның оңтүстік – батыс, онтүстік- шығыс аймақтарында шаруаның белсенді іс- әрекетіне байланысты шөлді- шөлейтті жерлерді пайдалану мәселесі өте өзекті болып табылады. Қазақстанның шөл- шөлейт жағдайында өнімді түйе шаруашылығын қоспағанда, азықтық ресурстардың тапшылығына байланысты сүтті мүйізді ірі қара мал шаруашылығын дамыту өте қиын. Сондықтан, түйе шаруашылығы-бәсекеге қабілетті нарықтық экономиканың барлық атрибуттары бар әлеуметтік инфрақұрылымды дамыта отырып шөлшөлейтті жерлерді шаруашылық қызметіне пайдалануға мүмкіндік беретін мал шаруашылығының бірден- бір саласы болып саналады [Разуан және т.б., 2026].

Түйе шаруашылығын заман талабына сай жаңа, жоғары деңгейге дамыту, әрі көтеру ғылым жетістіктері мен озық тәжірибелерді осы салаға енгізу арқылы ғана мүмкін болады. Қазақстан ерте заманнан қазақ бактриан және түркімен дромедар түйе тұқымдарын өсіруші республика болып саналды [Baimukanov және т.б., 2020, Baimukanov және т.б., 2023].

2026 жылдың 1 қаңтарындағы мәліметке сай Қазақстан Республикасындағы түйе саны 292,0 мың басты құрайды. Өндірістік түйе шаруашылығын дамыту жағдайында негізгі мәселе – түйе сүтін өндіруді тұрақты дамыту, себебі түйе сүтіне деген сұраныс оның өндірістік мүмкіндіктерінен асып түсуде.

Ауыл шаруашылығы малдарының дамуының негізгі заңдылықтары, олардың өсу барысындағы дене өлшемдерін алу жолымен, экстерьер немесе сыртқы келбетінің өзгерістеріне қарай отырып бақылау болып табылады, әрі ағзаның жеке дамуы, өсуі мен белгілердің сандық және сапалық дифференциялаудың арасындағы ажырамас қарым-қатынасының арқасында жүзеге асады

Әдебиетке шолуға сәйкес өсу - дамудың бірінші жағы, екіншіден - сапалық қалыптасуы екендігін, ал өсу - тірі ағзадағы жаңа қалыптасулардың нәтижесінде саны өзгеріп отыратын, ағза клеткалары салмағының, оның ұлпалар мен мүшелерінің ұзына бойғы және көлемді өлшемдерінің ұлғаюы. Жалпы, түйе малы қыс мезгілінде өздерінің бастапқы салмағының 5 %-дан 20 %-на дейін жоғалтатыны, жаз мезгілдерінің сәуір-тамыз және күзгі қыркүйек-қазан айларының аралығында олардың жақсы қоңданатыны анықталған. Бір өркешті түйелерді, әсіресе, олардың төлдерін жайып семірту мен жемдеуді ұштастыра отырып баққанда, сойыс шығымын 53 %-ға дейін көтеріп, жоғары қоңдылыққа күз мезгілінде қол жеткізуге болатыны дәлелденген [Баймұқанов және т.б., 2021].

Қазақстанда түйе шаруашылығы мал шаруашылығының басқа салаларына қарағанда артта қалып келеді. Өйткені өкінішке орай, түйе өнімділігінің сапасын арттыру қазіргі талаптарға сай емес. Сондықтан, түйе шаруашылығында асыл тұқымды жұмыстың деңгейіне ерекше назар аудару керек [Баймұқанов және т.б., 2000].

Асыл тұқымды қазақ бактриан түйе тұқымы туралы ғылыми мәліметтерді талдай отырып, түйелердің тұқымдық құрылымы малдардың саны мен түрі бойынша екіұшты: олардың құрамында ірі түйелермен қатар ұсақ түйелері де бар, яғни олар салмақтары мен дене бітімі бойынша әртүрлі [Мұсаев және т.б., 2001; Мұсаев, 1992].

Әдебиет деректері бойынша қазақ бактриандарының Орал-Бөкей типі өркешінің арасы 180–200 см, кеуде қуысы 240–250 см, ересек аталықтардың орташа тірілей салмағы 800–900 кг, ең жақсысы шамамен 1000 кг, аналық түйе 630–700 кг құрайды. Аталықтарының жылдық жүн қырқымы 9–10 кг, аналықтарыніке 5–7 кг. Қазақстанда орта есеппен қазақ бактриан түйелері мынадай көрсеткіштерге

ие: аталықтарының тірілей салмағы 680–850 кг, аналықтарыніке 520–670 кг; сауын кезеңінің 8–19 айларында сүт өнімі 840-тан 1827 кг-ға дейін, жеке сауын түйелерде 2568 кг; 2,5–3 жасында бордақылаудағы жас түйелердің салмағы 260–275 кг құрайды [Мұсаев және т.б., 2001].

Жалпы қазақ бактриан түйе тұқымы келесі селекциялық көрсеткіштермен сипатталады: шоқтығының жерден биіктігі 180–189 см, тұлғасының қиғаш ұзындығы 164–170 см, кеуде орамы 235-258 см, білезік орамы 20,5–24,5 см, тірілей салмағы 720–768 кг, жүн қырқымы 11,0–13,5 кг. Тұқымдық жазбалар бойынша түйе популяциясының 87,8 % қазақ бактрианы [Баймұқанов, 2001]. Алайда, ғылыми жұмыста қазақ бактриан түйе тұқымының дене өлшемдерін зерттегенмен, олардың жас ерекшеліктеріне байланысты өзгерістер толық қарастырылмаған.

Қазақ бактриан мен қазақ дромедар түйе тұқымдары боталарының барлық жас аралық кезеңдерінде олардың жыныстық белгілері бойынша салыстырғанда тірілей салмақтары көрсеткіштерінде айырмашылықтары айқын білінді. Туған кезінде және туғаннан кейінгі өсіп-дамуының алғашқы 12 айында тірілей салмағы бойынша еркек және ұрғашы боталардың арасында айтарлықтай айырмашылықтар байқалмады. Боталар бір жастан асқанда ұрғашы боталармен салыстырғанда еркектерінің тірілей салмағының біршама жоғары өсімталдылығы байқалды. Екі және үш жасарында тірілей салмағы жөнінен еркек және ұрғашы боталардың арасындағы айырмашылығы статистикалық нақты дәрежеде болды [Құрманбай, 2006].

Жалпы Ү. Құрманбайдың зерттеуі қазақ бактриан мен қазақ дромедар түйе тұқымдарын қамтыса, біздің зерттеуімізде қазақ бактриан мен түркімен дромедар түйе тұқымдарының көрсеткіштерін салыстыруға бағытталған.

Қазақстанда асыл тұқымды түйе өсіріп, шұбат өндіретін ірі шаруашылықтардың бірі Алматы облысы Іле ауданының Ақши ауылында орналасқан «Дәулет-Бекет» ЖШС. Серіктестің мал шаруашылығы кешеніндегі жайылымдық жер көлемі 45000 гектар, түйе саны 5000 бас. Шұбат өндіруге бағытталған 2,5 мың бас асылтұқымды түйе бар, әрбір аналық түйе күніне 5–7 литр сүт береді. Түйе сүтін өңдейтін заманауи қондырғылармен жабдықталған шұбат цехының қуаттылығы тәулігіне 5 тонна Шаруашылықта түйе малы екі жолмен сауылады: қолмен және сауу аппараттарымен. Сауын залында Agralis фирмасының неміс қондырғыларымен жабдықталған түйелерді машинамен сауатын 8 орын бар. Әрине, түйе шаруашылығын заман талабына сай жаңа, жоғары деңгейге дамыту, әрі көтеру ғылым жетістіктері мен озық тәжірибелерді осы салаға енгізу арқылы ғана мүмкін болады [Даулетов, 2021].

Қазіргі кезде елімізде өсіріліп жатқан түйе тұқымдарының өсіп-даму заңдылықтарын анықтамай, оларды тиімді пайдалану, әрі оның ғылыми негізделген технологиясын жасау мүмкін емес. Сондықтан, Қазақстанның оңтүстік-шығыс аймағында өсірілетін түйе тұқымдарының өсу және даму заңдылықтарын анықтау, олардың өнімділік-биологиялық ерекшеліктерін зерттеу өте өзекті.

Қазақстанның оңтүстік-шығыс өңірінде өсірілетін қазақ бактриан мен түркімен дромедар түйе тұқымдары төлдерінің дене өлшемдерінің жасына және жынысына байланысты өзгеру заңдылықтары алғаш рет кешенді түрде анықталды.

Жұмыстың мақсаты – Қазақстанның оңтүстік-шығыс аймағында өсірілетін қазақ бактриан мен түркімен дромедар түйе тұқымдарының төлдерінің дене өлшемдерінің жасына және жынысына байланысты өзгеру заңдылықтарын анықтау.

Зерттеу жұмысының міндеттері: Қазақстанның оңтүстік-шығыс аймағында өсірілетін түйе тұқымдары төлдерінің жасына және жынысына байланысты дене өлшемдерінің туғаннан бастап 42 айлық жасына дейін өсу қарқыны мен өзгеру ерекшеліктерін зерттеу;

жас қазақ бактриан және түркімен дромедар түйе тұқымдарының дене өлшемдері ерекшеліктерін зерттей отырып, олардың жалпы өсу заңдылықтарын анықтау;

Зерттеу материалдары мен әдістері.

Зерттеу жұмыстары Алматы облысы Іле ауданы «Даулет-Бекет» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде 2021–2025 жылдары қазақ бактриан мен түркімен дромедар түйе тұқымдарынан 10 бастан жынысына қарай (40 бас) арнайы құрылған топтарда жүргізілді.

Түйе боталарының дене өлшемдері (шоқтығының биіктігі, тұлғасының қиғаш ұзындығы, кеудесінің орамы, білезік орамы) туғаннан кейін үш күндік, 6, 18, 30 және 42 айлық кезінде қазақ бактриан және түркімен дромедар түйе тұқымдарын өсіру негіздерімен жіктеу жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес жалпылама қолданып келе жатқан әдістеме бойынша зерттелді, ал тәжірибелік жас түйе малдарының салыстырмалы өсу қарқыны тәжірибелік түйе малдарының тірілей салмағы стационарлық таразыда 5 кг дәлдікпен өлшеніп, анықталды.

Дене бітімінің индекстері түйелерге арнап өзгеріс енгізген С. Броди теңдеуімен анықталды.

Алынған нәтижелер мен зоотехникалық деректерді статистикалық өңдеу Н.А. Плохинскийдің стандартты әдістемесі, PAST (PAIaeontoloqical Statistics) және Microsoft Excel 2010 бағдарламаларына сәйкес жүргізілді.

Зерттеу нәтижелері мен талқылау.

Жалпы түйе тұқымдарының өсуі мен дамуының маңызды көрсеткіштері - олар тірілей салмақ пен сыртқы дене өлшемдері. Аталған көрсеткіштер малдардың ағзасындағы сандық және белгілі бір дәрежеде сапалық өзгерістерді есепке алуға мүмкіндік береді.

Тәжірибе топтарында 2023 жылы туған боталардің дене өлшемдері мен дене бітімінің индекстері жастық аспектіде зерттелді (Кесте 1).

Кесте 1. Үш күндік боталардың дене өлшемдері мен дене бітімінің индекстері, n=10 , ∑n=40

Статистикалық белгілер	Ұрғашы боталар	Еркек боталар		
	қазақ бактрианы	түркімен дромедары	қазақ бактрианы	түркімен дромедары
Шоқтығының биіктігі, см				
$\overline{X} \pm m_x$	103,7±1.10	108,2±1.81	107,2±1.07	111,1±0.63
Cv, %	3,37	5,29	3,20	1,80
σ	3,49	5,52	3,40	2,00
Тұлғасының қиғаш ұзындығы, см				
$\overline{X} \pm m_x$	70,7±0.97	76,5±1.24	72,7±0.95	74,2 ±0.82
Cv, %	4,32	5,12	4,10	3,47
σ	3,06	3,92	3,00	2,58
Кеуде орамы, см				
$\overline{X} \pm m_x$	90,3±0.55	85,2±1.26	83,6±0.96	82,8±0,58
Cv, %	1,95	4,67	3,60	2,20
σ	1,74	4,00	3,00	1,82
Білезік орамы, см				
$\overline{X} \pm m_x$	12,1±0.85	10,4±0.46	11,9±0.79	10,0±0,67
Cv, %	2,24	1,08	2,00	2,23
σ	2,70	1,46	2,50	2,12
Созылмалдық индексі, %				
$\overline{X} \pm m_x$	68,2±1.62	70,7±0.75	67,6±0.93	67,1±0,98
Cv, %	7,44	3,35	4,33	4,60
σ	5,12	2,37	2,93	3,09
Шомбалдық индексі, %				
$\overline{X} \pm m_x$	87,1±0.89	78,7±0.98	81.4±0.86	74,4±1,06
Cv, %	3,24	3,93	3,33	4,51
σ	2,82	3,09	2,71	3,35
Мығымдылық индексі, %				
$\overline{X} \pm m_x$	127,7±1.77	111,4±1.02	120,4±0.82	110,8±0,83
Cv, %	4,40	2,87	2,15	2,36
σ	5,60	3,22	2,59	2,61
Сүйектілік индексі, %				
$\overline{X} \pm m_x$	11,7±1.06	9,6±0.38	11,7±0.74	8,9±0,40
Cv, %	3,52	1,36	1,97	1,32
σ	3,35	1,19	2,33	1,28

Қазақ бактриан және түркімен дромедар түйелері тұқымдарының тірілей салмағы мен сыртқы

сипаттамаларын зерттеу ғылыми маңызға ғана емес, өндірістік қажеттілікке де ие. Өйткені, Қазақстанның оңтүстік-шығыс аймағы жағдайында жыл бойы түйелерді ұзақ мерзімді күтіп-бағу арқылы жайылымдықтарды пайдалану шаруашылықтың қолданысындағы технологияны өндіріске енгізуде олардың конституциялық беріктігі, оңтайлы мөлшері, тірілей салмағы мен ет, сүт, жүн өнімділіктерін арттыру өте маңызды [Razuan және т.б., 2025].

Алынған мәліметтерге сәйкес ұрғашы және еркек түркімен дромедар тұқымы түйелерінің дене өлшемдерін қазақ бактриан тұқымы түйелерімен салыстырғанда туған кездегі шоқтығының биіктігі сәйкесінше 4,3–3,6 %, тұлғасының қиғаш ұзындығы 8,2–2,6 % жоғары болса, кеуде орамы бойынша 6,7–6,5 %, білезік орамы 14,1–16,0 % төмен болды (P<0,01)

Ұрғашы қазақ бактриан тұқымды түйелерінің туған кездегі дене өлшемдерін түркімен дромедар тұқымы түйелерінің боталарымен салыстырғанда шоқтығының биіктігі 4,5 см, тұлғасының қиғаш ұзындығы 5,8 см жоғары болса, кеуде орамы 5,1 см, білезік орамы 1,7 см төмен болды, ал еркек қазақ бактриан және түркімен дромедар тұқымды түйелердің туған кезде шоқтығының биіктігі мен тұлғасының қиғаш ұзындығы сәйкесінше 3,9 см – 1,9 см жоғары, кеуде орамы мен білезік орамы сәйкесінше 4,8 см – 1,9 см төмен болды.

Жалпы алынған мәліметтерге сәйкес түркімен дромедар түйе тұқымының боталарының туған кездегі дене өлшемдерін қазақ бактриан тұқымды түйелерінің боталарымен салыстырғанда шоқтығының биіктігі мен тұлғасының қиғаш ұзындығы бойынша жоғары, кеуде орамы мен білезік орамы бойынша төмен болатындығы анықталды, әрі ғалымдардың бұрында осы бағыттағы зерттеулері бойынша алынған әдебиеттегі көрсеткіштерді тағы да дәлелдеді.

Ұрғашы және еркек қазақ бактриан тұқымды түйелерінің туған кездегі дене өлшемдерін салыстырғанда шоқтығының биіктігі соңғысында 3,5 см, тұлғасының қиғаш ұзындығы 2,0 см, жоғары болса, кеуде орамы 2,8 см, білезік орамы 0,2 см төмен болды, ал түркімен дромедар тұқымды түйелердің туған кезде шоқтығының биіктігі сәйкесінше 2,9 см жоғары, тұлғасының қиғаш ұзындығы 1,9 см, кеуде орамы 2,5 см, ал білезік орамы 0,4 см төмен болды.

Ұрғашы қазақ бактриан түйе тұқымы боталарының туған кездегі тұлғасының қиғаш ұзындығы шоқтығының биіктігінен 33,0 см немесе 46,6 % төмен болса, осы көрсеткіштер түркімен дромедар түйе тұқымы бойынша тиісінше 31,7 см немесе 41,4 % төмен болды. Ал, еркек түркмен дромедар түйе тұқымы боталарының туған кездегі жоғарыдағы дене өлшемдері көрсеткіштері сәйкесінше 34,5см, 47,4 %; 36,5 см, 49,9 % төмен болды (P<0,001).

Сонымен қатар, қазақ бактриан түйе тұқымы боталарының түркімен дромедар тұқымы боталарына қарағанда шомбалдық, мығымдылық және сүйектілік индекстері көрсеткіштерінің жоғарылайтынын анықталды.

Шомбалдық көрсеткіші бойынша ұрғашы қазақ бактриан түйе тұқымы боталары дромедар тұқымы боталарына қарағанда 10,6 %-ға, мығымдылық және сүйектілік индекстері бойынша сәйкесінше 14,6 %-ке басым, ал созылмалдық индексі бойынша 3,7 %-ке төмен болса; еркек қазақ бактриан тұқымы боталары бойынша шомбалдық, мығымдылық және сүйектілік индекс көрсеткіштері сәйкесінше 9,4 %, 8,7 %-ға, 31,4 %-ға басым болды (P<0,001).

Алынған мәліметтер қазақ бактриан тұқымы боталарының шомбалдық, мығымдылық және сүйектілік индекс көрсеткіштері жалпы олардың дене өлшемдері мен құрамын арттыруға оң әсер етуі мүмкін екендігін көрсетеді.

Қазақ бактриан түйе тұқымының боталарында туғаннан кейінгі дамудың алты айында шоқтығы биіктігі жынысына қарай сәйкесінше 43,4–43,0 см-ге немесе 41,8–40,2 %-ға, тұлғасының қиғаш ұзындығы сәйкесінше 40,2–43,1 см-ге немесе 58,8–59,6 %-ға, кеуде орамы сәйкесінше 61,3–73,6 см-ге немесе 67,9–88,0 %-ға, білезік орамы сәйкесінше 3,8–1,8 см-ге немесе 31,4–15,1 %-ға ұлғайған (P<0,001).

Түркімен дромедар түйе тұқымының 6 айлық кезіндегі шоқтығы биіктігі жынысына қарай сәйкесінше 43,5–43,6 см-ге немесе 40,2–39,2 %-ға, тұлғасының қиғаш ұзындығы сәйкесінше 41,7–48,0 см-ге немесе 54,5–64,7 %-ға, кеуде орамы сәйкесінше 60,7–72,7 см-ге немесе 71,2–87,8 %-ға, білезік орамы сәйкесінше 2,9–2,3 см-ге немесе 27,9–23,0 %-ға ұлғайған.

Физикалық көрсеткіштерге келетін болсақ, дене өлшемдерінің жоғарылауы нәтижесінде барлық түйелердің дене бітімінің индекстері көрсеткіштерінде де жоғары көрсеткіштері байқалады. Атап айтқанда, қазақ бактриан түйе тұқымының боталарында туғаннан кейінгі дамудың алты айында созылмалдық индексі жынысына қарай сәйкесінше 10,4–14,0 %-ға, шомбалдық индексі сәйкесінше 18,4–28,5 %-ға, мығымдылық индексі сәйкесінше 7,1–12,9 %-ға ұлғайған, ал сүйектілік индексі сәйкесінше

8,3–8,6 %-ға төмендеген.

Тәжірибелік боталардың алты айлық жасында дене өлшемдері мен дене бітімінің индекстері үш күндік жасымен салыстырғанда айтарлықтай өсетінін көрсетті (Кесте 2).

Кесте 2. Алты айлық түйе боталарының дене өлшемдері мен дене бітімінің индекстері, n=10 , ∑n=40

Статистикалық белгілер	Ұрғашы боталар		Еркек боталар	
	қазақ бактрианы	түркімен дромедары	қазақ бактрианы	түркімен дромедары
Шоқтығының биіктігі, см				
$\overline{X} \pm m_x$	147,1±0,59	151,7±1.28	150,2±0,99	154,7±1,11
Cv, %	1,28	2.66	2,08	2,27
σ	1,88	4.04	3,13	3,50
Тұлғасының қиғаш ұзындығы, см				
$\overline{X} \pm m_x$	110,9±0,70	118,2±1.99	115,8±0,99	122,2±1,07
Cv, %	1,99	5.32	2,70	2,77
σ	2,21	6.29	3,12	3,38
Кеуде орамы, см				
$\overline{X} \pm m_x$	151,6±1,05	145,9±2.19	157,2±0,99	155,5±0,85
Cv, %	2,19	4.74	1,98	1,74
σ	3,32	6.92	3,12	2,70
Білезік орамы, см				
$\overline{X} \pm m_x$	15,9±1,10	13,3±2.98	13,7±1,02	12,3±1,05
Cv, %	2,89	6.62	2,67	2,97
σ	3,49	9.13	3,24	3,32
Созылмалдық индексі, %				
$\overline{X} \pm m_x$	75,3±1,47	77,9±6.18	77,1±0,98	79,0±0,96
Cv, %	6,18	2.06	4,02	3,86
σ	4,65	1.95	3,10	3,05
Шомбалдық индексі, %				
$\overline{X} \pm m_x$	103,1±1,61	96,2±4.93	104,6±1,11	100,5±0,91
Cv, %	4,93	5.58	3,35	2,88
σ	5,08	6.19	3,51	2,88
Мығымдылық индексі, %				
$\overline{X} \pm m_x$	136,8±1,39	123,4±3.22	135,9±0,75	127,2±0,94
Cv, %	3,22	1.18	1,74	2,35
σ	4,40	1.02	2,36	2,99
Сүйектілік индексі, %				
$\overline{X} \pm m_x$	10,8±0,60	8,8±1.69	9,1±0,73	7,9±0,71
Cv, %	1,69	1.34	2,82	2,51
σ	1,91	2.06	2,32	2,25

Түркімен дромедар түйе тұқымының алты айлық кезіндегі созылмалдық индексі жынысына қарай сәйкесінше 10,2–11,7 %-ға, шомбалдық индексі сәйкесінше 12,2–35,0 %-ға, мығымдылық индексі сәйкесінше 10,8–14,8 %-ға ұлғайған, ал сүйектілік индексі сәйкесінше 9,1–12,6 %-ға төмендеген (P<0,01).

Енесінен ажыратылғаннан кейін барлық тәжірибелік топтағы түйе боталары бірдей қоректену және азықтандыру жағдайларымен қамтамасыз етілді. Бұл түйе төлдерінің емізу науқанынан кейін 18 айға дейінгі өсу және даму заңдылықтары туралы сенімді мәліметтер алу үшін қажет болды.

Түйе тұқымдары боталарының белсенді өсуі 14–15 айлық кезінен бастап, жайылымдық жерлердегі көктемгі өсімдік жамылғысы басталған кезде байқалды. Түйе боталары туғаннан кейін келесі жылдың сәуір-мамыр айларынан бастап табиғи жайылымдарда белсенді жайыла бастайды. Көктемгі-күзгі азықтандыру кезеңінде түйе боталарында сүйек және бұлшықеттің белсенді өсуі байқалады (Кесте 3).

Кесте 3. 18 айлық түйе боталарының дене өлшемдері мен дене бітімінің индекстері, n=10 , ∑n=40

Статистикалық белгілер	Ұрғашы боталар	Еркек боталар		
	қазақ бактрианы	түркімен дромедары	қазақ бактрианы	түркімен дромедары
Шоқтығының биіктігі, см				
$\overline{X} \pm m_x$	158,3±0,51	163,5±1,13	170,7±1,01	171,5±0,94
Cv, %	1,01	2,18	2,04	1,74
σ	1,62	3,56	3,47	2,99
Тұлғасының қиғаш ұзындығы, см				
$\overline{X} \pm m_x$	117,7±0,50	121,5±0,84	133,3±0,81	135,5±0,98
Cv, %	1,34	2,19	1,92	2,29
σ	1,58	2,64	2,57	3,10
Кеуде орамы, см				
$\overline{X} \pm m_x$	177,1±0,63	164,5±0,65	194,2±0,91	192,1±0,95
Cv, %	1,13	1,24	1,49	1,56
σ	2,00	2,04	2,89	2,99
Білезік орамы, см				
$\overline{X} \pm m_x$	16,7±0,23	15,2±1,00	15,1±0,98	14,0±1,10
Cv, %	4,32	2,86	1,96	2,38
σ	0,73	3,18	3,09	3,48
Созылмалдық индексі, %				
$\overline{X} \pm m_x$	73,9±0,75	74,1±0,99	78,1±0,76	79,0±0,92
Cv, %	3,23	4,24	3,07	3,70
σ	2,39	3,14	2,40	2,92
Шомбалдық индексі, %				
$\overline{X} \pm m_x$	111,2±0,59	100,6±2,30	113,8±0,95	112,0±0,89
Cv, %	1,69	7,45	2,64	2,52
σ	1,88	7,28	3,01	2,82
Мығымдылық индексі, %				
$\overline{X} \pm m_x$	150,5±0,83	135,8±0,80	145,7±1,40	141,8±0,79
Cv, %	1,75	1,85	3,05	1,76
σ	2,63	2,51	4,44	2,49
Сүйектілік индексі, %				
$\overline{X} \pm m_x$	10,4±0,64	9,3±0,68	8,8±0,77	8,1±0,76
Cv, %	1,32	2,22	2,56	3,93
σ	2,02	2,16	2,42	2,40

Қазақ бактриан түйе тұқымының боталарында туғаннан бастап он сегіз айы аралығында шоқтығы биіктігі жынысына қарай сәйкесінше 54,6–63,5 см-ге немесе 52,6–59,2 %-ға, тұлғасының қиғаш ұзындығы сәйкесінше 47,0–60,6 см-ге немесе 66,5–83,3 %-ға, кеуде орамы сәйкесінше 86,8–106,6 см-ге немесе 96,1–119,4 %-ға, білезік орамы сәйкесінше 4,6–3,2 см-ге немесе 38,0–26,9 %-ға ұлғайған (P<0,001).

Он сегіз айлық кезіндегі түркімен дромедар түйе тұқымы боталарының жынысына қарай

шоқтығы биіктігі сәйкесінше 55,3–60,4 см-ге немесе 51,1–54,4 %-ға, тұлғасының қиғаш ұзындығы сәйкесінше 45,0–61,3 см-ге немесе 58,8–82,6 %-ға, кеуде орамы сәйкесінше 79,3–109,3 см-ге немесе 96,1–132,0 %-ға, білезік орамы сәйкесінше 4,8–4,0 см-ге немесе 38,0–40,0 %-ға ұлғайған.

Он сегіз айлығындағы қазақ бактриан түйе тұқымы боталарының туғаннан бастап дене бітімінің индекстік көрсеткіштерін талдау жасау созылмалдық индексі жынысына қарай сәйкесінше 8,3–11,5 %-ға, шомбалдық индексі сәйкесінше 27,7–39,8 %-ға, мығымдылық индексі сәйкесінше 17,8–21,0%-ға ұлғайғанын, ал сүйектілік индексі сәйкесінше 11,2–13,3 %-ға төмендегенін көрсетті (P<0,01).

Түркімен дромедар түйе тұқымының он сегіз айлық кезіндегі созылмалдық индексі жынысына қарай сәйкесінше 4,8–17,7 %-ға, шомбалдық индексі сәйкесінше 27,8–50,3 %-ға, мығымдылық индексі сәйкесінше 21,9–28,0 %-ға ұлғайған, ал сүйектілік индексі сәйкесінше 0,3–0,7 %-ға төмендеген.

Барлық зерттелген түйе боталарының он сегіз айлық сүйектілік индекс көрсеткішін алдыңғы алты айлық боталардың көрсеткіштерімен салыстырғанда басқа индекс түрлеріне қарағанда аздап ұлғайғанын көрсетті. Айта кететін жайт, қазақ бактериан түйе боталары мен түркімен дромедар түйе тұқымының боталарының туған кездегі дене өлшемдері мен дене бітімінің индекстері бойынша айтарлықтай артықшылығы болған жоқ.

Түйе тұқымдарының жыныстық жетілу 16–18 айда басталып 30 айға дейін фенотипте елеулі өзгерістер орын алып, жүн өсуі артып, әртүрлі жыныстағы малдарды ажырататындай белгілер пайда болады. 2,5 жасында барлық тәжірибелік түйелер конституционалдық типті айқын көрсетеді, бұл кейіннен олардың өнімділігінің қалыптасуы мен бағытына әсер етеді.

Қазақ бактриан түйе тұқымының боталарында туғаннан кейінгі дамудың 30 айында шоқтығы биіктігі жынысына қарай сәйкесінше 65,6–68,3 см-ге немесе 63,2–63,7 %-ға, тұлғасының қиғаш ұзындығы сәйкесінше 53,7–65,0 см-ге немесе 75,9–89,4 %-ға, кеуде орамы сәйкесінше 106,8–121,1 см-ге немесе 218,3–248,8 %-ға, білезік орамы сәйкесінше 6,2–4,6 см-ге немесе 51,2–38,6 %-ға ұлғайған (P<0,001).

Түркімен дромедар түйе тұқымының 30 айлық кезіндегі шоқтығы биіктігі жынысына қарай сәйкесінше 66,2–66,8 см-ге немесе 61,2–60,1 %-ға, тұлғасының қиғаш ұзындығы сәйкесінше 52,2–65,7 см-ге немесе 68,2–88,5 %-ға, кеуде орамы сәйкесінше 107,1–126,9 см-ге немесе 225,7–253,3 %-ға, білезік орамы сәйкесінше 6,9–5,3 см-ге немесе 66,3–53,0 %-ға ұлғайған (P<0,001).

Зерттеулер ұрғашы және еркек түркімен дромедар түйе тұқымы боталарының дене өлшемдерін қазақ бактриан түйе тұқымының боталарымен салыстырғанда 30 айлығындада шоқтығының биіктігі сәйкесінше 3,0;1,4 %, тұлғасының қиғаш ұзындығы 3,4;1,6 %, кеуде орамы бойынша түркімен дромедар тұқымы түйелерінде 2,4 % жоғары болса, білезік орамы 5,8;7,8 %, кеуде орамы бойынша қазақ бактриан тұқымы түйелерінде 2,4 %, төмен болатынын көрсетті. Осылайша, түркімен дромедар түйе тұқымы боталарының басқа айлардағы дене өлшемдеріне қарағанда отыз айлық жасында кеуде орамы бойынша жоғары болғаны анықталды.

Жалпы, ұрғашы қазақ бактриан түйе тұқымы боталарының отыз айлық жасында дене өлшемдерін ұрғашы түркімен дромедар түйе тұқымы көрсеткіштерімен салыстырғанда шоқтығының биіктігі 5,1 см, тұлғасының қиғаш ұзындығы 4,3 см жоғары болса, кеуде орамы 4,8 см, білезік орамы 1,0 см төмен болды, ал еркек қазақ бактриан және түркімен дромедар түйе тұқымдарының отыз айлығында шоқтығының биіктігі мен тұлғасының қиғаш ұзындығы сәйкесінше 2,4 см; 2,2 см, кеуде орамы 5,0 см жоғары, білезік орамы – 1,9 см төмен болды.

Еркек қазақ бактриан түйе тұқымының отыз айлық жасында дене өлшемдерін еркек түркімен дромедар түйе тұқымының көрсеткіштерімен салыстырғанда кеуде орамы бойынша жоғары болатындығы анықталды. Бұл, бұрында осы бағыттағы зерттеулерде алынған әдебиеттегі көрсеткіштерді тағы да дәлелдеді.

Еркек және ұрғашы қазақ бактриан түйе тұқымының отыз айлық жасындағы дене өлшемдерін салыстырғанда алғашқысының шоқтығының биіктігі соңғысында 6,2 см, тұлғасының қиғаш ұзындығы 13,3 см, кеуде орамы 7,6 см жоғары болса жоғары болса, білезік орамы 1,8 см төмен болды, ал еркек түркімен дромедар түйе тұқымының туған кезде шоқтығының биіктігі ұрғашысына қарағанда 3,5 см жоғары, тұлғасының қиғаш ұзындығы 11,2 см, кеуде орамы 17,4 см, ал білезік орамы 2,0 см төмен болды. Жалпы, түйе тұқымдарының отыз айлық жасындағы шоқтығының биіктігі, тұлғасының қиғаш ұзындығы, кеуде орамы дене өлшемдерін салыстырғанда олардан статистикалық тұрғыдан жоғары (P<0,01) көрсеткіштерді байқауға болады.

Зерттелетін түйелердің 30 айлық кезіндегі дене өлшемдері мен дене бітімінің индекстері Кесте

4 келтірілген деректермен берілген.

Кесте 4. 30 айлық жас түйелердің дене өлшемдері мен дене бітімінің индекстері, n=10, ∑n=40

Статистикалық белгілер	Ұрғашы боталар	Еркек боталар		
	қазақ бактрианы	түркімен дромедары	қазақ бактрианы	түркімен дромедары
Шоқтығының биіктігі, см				
$\overline{X} \pm m_x$	169,3±0,79	174,4±1,06	175,5±0,69	177,9±1,04
Cv, %	1,47	1,92	2,19	3,29
σ	2,49	3,35	1,25	1,85
Тұлғасының қиғаш ұзындығы, см				
$\overline{X} \pm m_x$	124,4±0,77	128,7±0,94	137,7±1,18	139,9±0,98
Cv, %	1,97	2,31	3,73	3,10
σ	2,45	2,97	2,71	2,22
Кеуде орамы, см				
$\overline{X} \pm m_x$	197,1±0,43	192,3±0,90	204,7±1,35	209,7±0,91
Cv, %	0,68	1,48	4,27	2,88
σ	1,35	2,86	2,09	1,37
Білезік орамы, см				
$\overline{X} \pm m_x$	18,3±0,62	17,3±0,89	16,5±0,69	15,3±0,85
Cv, %	1,72	1,28	2,18	2,69
σ	1,96	2,82	1,32	1,76
Созылмалдық индексі, %				
$\overline{X} \pm m_x$	75,9±0,64	73,9±1,35	78,5±0,69	78,6±0,85
Cv, %	2,67	5,82	2,18	2,69
σ	2,02	4,26	2,78	3,42
Шомбалдық индексі, %				
$\overline{X} \pm m_x$	119,4±0,69	106,2±1,04	116,7±0,87	117,9±0,95
Cv, %	1,84	3,10	2,75	3,00
σ	2,19	3,29	2,36	2,54
Мығымдылық индексі, %				
$\overline{X} \pm m_x$	157,5±0,55	141,1±1,13	148,7±0,69	149,9±1,04
Cv, %	1,10	2,54	2,18	3,29
σ	1,73	3,58	1,47	2,19
Сүйектілік индексі, %				
$\overline{X} \pm m_x$	11,0±0,60	10,7±0,70	9,4±0,50	8,6±0,65
Cv, %	1,16	2,67	1,58	2,05
σ	1,90	2,21	1,68	2,38

Алынған мәліметтер сәйкес түйе тұқымдарының туғандағы созылмалдық, шомбалдық, мығымдылық көрсеткіштерінің отыз айлық жасында едауір жоғарылайтынын, әрі түйелердің өсу процесінің жоғары болатынын көрсетті.

Түйелерді бірінші бағалау отыз айлық жасында жүргізіледі. Қазақ бактриан тұқымының бірінші және екінші кластағы түйелерге тән талаптарына сәйкес келеді, әрі бұл жақсы көрсеткіш.

42 айлық түйе тұқымдарының дене өлшемдері өсу мен дамудың жалпы заңына сәйкес өсуді жалғастырады. Айта кету керек, түйелердің дамуы әдетте алты жылға дейін созылады, ал 42 айлық жас түйелердің сыртқы түрі әдетте ересек түйелердің 90 % құрайды.

Ұрғашы қазақ бактриан және түркімен дромедар түйе тұқымдары боталарының туғаннан бастап қырық екі айы аралығында шоқтығы биіктігі сәйкесінше 68,1–69,9 см-ге немесе 65,7–64,6 %-ға, тұлғасының қиғаш ұзындығы сәйкесінше 61,2–69,7 см-ге немесе 86,6–91,1 %-ға, кеуде орамы

сәйкесінше 124,0–124,9 см-ге немесе 137,3–146,6%-ға, білезік орамы сәйкесінше 7,6–8,5 см-ге немесе 62,8–81,7 %-ға ұлғайған (P<0,001).

Зерттелінген 42 айлық жас түйелердің дене өлшемдері мен дене бітімінің индекстері туралы мәліметтер Кесте 5 келтірілген.

Кесте 5.42 айлық жас түйелердің дене өлшемдері мен дене бітімінің индекстері, n=10, ∑n=40

Статистикалық белгілер	Ұрғашы боталар	Еркек боталар		
	қазақ бактрианы	түркімен дромедары	қазақ бактрианы	түркімен дромедары
Шоқтығының биіктігі, см				
$\overline{X} \pm m_x$	171,8±1,00	178,1±0,90	177,5±0,87	179,8±1,04
Cv, %	1,81	1,59	1,55	1,82
σ	3,11	2,83	2,75	3,28
Тұлғасының қиғаш ұзындығы, см				
$\overline{X} \pm m_x$	131,9±0,90	146,2±0,68	141,7±0,93	151,4±1,05
Cv, %	2,09	1,47	2,08	2,20
σ	2,76	2,15	2,94	3,33
Кеуде орамы, см				
$\overline{X} \pm m_x$	214,3±0,70	210,1±0,83	221,1±0,76	219,9±1,09
Cv, %	1,08	1,25	1,08	1,57
σ	2,31	2,62	2,41	3,46
Білезік орамы, см				
$\overline{X} \pm m_x$	19,7±0,60	18,9±0,73	17,7±0,88	17,1±0,85
Cv, %	9,12	1,22	1,57	1,81
σ	1,78	2,31	2,78	2,70
Созылмалдық индексі, %				
$\overline{X} \pm m_x$	76,8±0,89	82,1±0,35	77,6±1,07	84,2±0,99
Cv, %	3,66	1,35	4,36	2,50
σ	2,81	1,55	3,39	3,13
Шомбалдық индексі, %				
$\overline{X} \pm m_x$	124,7±0,67	118,0±0,80	124,6±1,00	122,3±1,04
Cv, %	1,69	2,14	2,55	2,00
σ	2,11	2,44	3,18	3,30
Мығымдылық индексі, %				
$\overline{X} \pm m_x$	162,4±0,63	143,7±0,77	160,6±1,22	145,2±0,93
Cv, %	1,22	1,70	2,41	2,70
σ	1,98	2,54	3,87	2,94
Сүйектілік индексі, %				
$\overline{X} \pm m_x$	11,5±0,55	10,6±0,49	10,0±0,48	9,5±0,75
Cv, %	1,16	1,62	1,33	3,70
σ	1,75	1,11	1,53	2,37

Қырық екі айлық кезіндегі еркек қазақ бактриан және түркімен дромедар түйе тұқымдарының шоқтығы биіктігі сәйкесінше 70,3–68,7 см-ге немесе 65,6–68,7 %-ға, тұлғасының қиғаш ұзындығы сәйкесінше 69,0–76,8 см-ге немесе 94,9–102,9 %-ға, кеуде орамы сәйкесінше 133,6–138,2 см-ге немесе 152,7–165,9 %-ға, білезік орамы сәйкесінше 5,8–7,1 см-ге немесе 48,7–71,0 %-ға ұлғайған.

Қырық екі айлығындағы қазақ бактриан түйе тұқымының туғаннан бастап дене бітімінің индекстік көрсеткіштерін талдау жасау созылмалдық индексі жынысына байланысты сәйкесінше 11,3–14,8 %-ға, шомбалдық индексі сәйкесінше 43,2–53,1 %-ға, мығымдылық индексі сәйкесінше 27,2–33,4 %-ға ұлғайғанын, ал сүйектілік индексі сәйкесінше 0,3–1,7 %-ға төмендегенін көрсетті.

Еркек және ұрғашы түркімен дромедар түйе тұқымының қырық екі айлық кезіндегі созылмалдық индексі жынысына байланысты сәйкесінше 16,1–25,5 %-ға, шомбалдық индексі сәйкесінше 49,9–64,4 %-ға, мығымдылық индексі сәйкесінше 29,0–31,0 %-ға, ал сүйектілік индексі сәйкесінше 11,4–6,7 %-ға ұлғайған (P<,.01).

Дене бітімінің барлық индекстері бойынша (созылмалдық, шомбалдық, мығымдылық және сүйектілік) қазақ бактриани түйе тұқымы боталарының көрсеткіштері түркімен дромедары түйе тұқымына қарағанда айтарлықтай жоғары.

Дене өлшемдері негізінде аналықтардың көрсеткіштерін мақсатты талдау келесі ұрпақтардың дене өлшемдерінің ұлғаюын қамтамасыз етеді. Бұл меншік нысанына қарамастан барлық тауарлық түйе шаруашылықтарында фенотипі бойынша түйелерді бағалауға, әрі экстерьері стандартқа сай ұрпақтарды алуға мүмкіндік береді.

Қорытынды.

Түйе қазақ жерінің шөлді-шөлейтті аймағының қатаң табиғи- ауа райы жағдайына бейімделген өте бағалы мал түрі болып есептелінеді. Түйе басқа мал түрлері азықтанбайтын өсімдіктердің көпшілігімен коректенетін, ащыда тұзды суды пайдалана отырып ет, тері, жүн, сүт пен шипалы емдік қасиеті жоғары шұбат өндіретін мал түрі.

Қазақстанның оңтүстік- шығысында қазақ бактриан және түркімен дромедар түйе тұқымдарының өнімділігі мен биологиялық ерекшеліктерін салыстырмалы түрде зерттеу, оларды өсіру және азықтандыру технологиясын жетілдіруге, сол арқылы орта мерзімді болашақта сүт, ет және жүн өнімділіктерін арттыруды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Республикада өсірілетін түйе тұқымдарының өнімділік қасиеттерін мақсатты түрде жақсарту және оны арттыруда ағзаның биологиялық заңдылықтарын, ондағы болып жатқан құбылыстардың табиғатын, жануарлардың өнімділік көрсеткіштерін жан- жақты зерттеп білмей жүзеге асыруға болмайды.

Ғылым жетістіктерін нарықтық экономика жағдайында өндіріске белсенді түрде енгізілуі керек. Сондықтанда жоғары өнімді түйе тұқымдары төлдерінің өсіп-жетілуі өзекті мәселесі болып саналынады. Әрине, жергілікті қазақ бактриан түйе тұқымымен қатар кейінгі кездері елімізде өсіріліп жатқан түркімен дромедар түйе тұқымын жетілдірмей, олардың өнімділік ерекшеліктерін білмей түйе шаруашылығын өркендетуге болмайды.Түйе тұқымдарын өсірудің негізгі әдістеріне олардың тұқымын таза өсіру және олардың сол аймаққа жерсінуін қамтамасыз ету жатады. Осы мақсатта, түйе тұқымдары төлдерінің өсіп-даму заңдылықтарын толық зерттей отырып асыл тұқымды малдардың өсу бағытындағы ғылыми жетістікке негізделген технологиясын жасау қажет.

Зерттеулер қазақ бактриан және түрікмен дромедар түйе төлдерінің туылғаннан жасының алты айлығына дейінгі кезеңде қай жынысқа жататынына қарамай тәуліктік тірілей салмағының өсу деңгейі өте жоғары болатындығын көрсетті. Демек, қазақ бактриан және түркімен дромедар түйе тұқымдары боталарының негізгі тірілей салмағының өсуі жасының алты айлығына дейінгі кезеңде ең жоғарғы деңгейге жетеді, ары қарайғы мезгілде салмақ қосуы, дене пішінінің өзгеруі, ағзасының табиғи ортаға бейімделуі басқада жануар әлеміне тән қасиеттерге сай қалыптасады.

Түйе малының өсіп-жетілу заңдылығын білу ғылыми тұрғыданда, шаруашылыққа қажеттілігі тарапынанда өте өзекті. Өйткені, жас түйе малын шаруашылыққа қажетті бағытта қалыптастыру, оның жеке өсу мен жетілу ерекшеліктеріне тікелей байланысты. Жалпы, Қазақстанның оңтүстік- шығыс өңірінде өсірілетін түйе тұқымдары боталарының өсуі мен дамуын одан әрі зерттеу түйе төлдерінің дене өлшемдерінің, тірі салмағының және жүн қырқымының жасына байланысты өзгергіштігін анықтау қажеттілігіне байланысты жүргізілді.

Көптеген ғалымдардың зерттеулерінде түйелердің өсуі мен дамуы жалпы биологиялық заңдылыққа сай болатындығы анықталған. Ауылшаруашылығы малдарының әртүрлі дене мүшелерінің бір уақыт аралығындағы өсу қарқыны бірдей емес. Сондықтан түйе тұқымдарының өсу аймақтарына бейімделуіне байланысты бір-бірінен ерекшеленетінін атап өткен жөн. Қазақстанныың оңтүстік-шығыс аймағы жағдайында түйе төлдерінің өсіп-жетілуі қажетті деңгейде зерттелмеген. Осы уақытқа дейін аймақта өсірілетін түйе тұқымы төлдерінің туылғаннан 6,18,30 және 42 айлығы аралығындағы өсіп-даму заңдылықтары жайлы толық ғылыми мәліметтер жоқ. Ал, Қазақстанның оңтүстік-шығыс аймағында қазақ бактриан және түркімен дромедар түйе тұқымдарының туылғаннан бастап 42 айлық жасына дейінгі аралықта өсіп-жетілу заңдылықтарын анықтау түйе шаруашылығын өркендету технологиясын жетілдірудің негізгі жолы болып есептелінеді.

Жүргізілген зерттеулер қазақ бактриан және түркімен дромедар түйе тұқымдары боталарын туылғаннан 42 айлық жас аралық кезеңдерінде жыныстық белгілері бойынша салыстырғанда дене өлшемдері көрсеткіштерінде айырмашылықтары айқын болатындығын көрсетті. Жалпы, алынған мәліметтерге сәйкес түркімен дромедар түйе тұқымының туылған кезден 6,18,30 және 42 айлық жас аралығында дене өлшемдерін қазақ бактриан түйе тұқымы боталарымен салыстырғанда шоқтығының биіктігі, тұлғасының қиғаш ұзындығы бойынша жоғары болса, кеуде орамы мен білезік орамы бойынша төмен болды.

Қазақ бактриан түйе тұқымының дене құрамының индекстік көрсеткіштерін туылғаннан бастап қырық екі айлық жас аралығында талдау созылмалдық индексі жынысыны байланысты сәйкесінше 8,6–10,0 %-ға, шомбалдық индексі сәйкесінше 37,6–43,2 %-ға, мығымдылық индексі сәйкесінше 34,7–40,2 %-ға ұлғайғанын, ал сүйектілік индексі сәйкесінше 0,2–1,7 %-ға төмендегенін көрсетті.

Қырық екі айлық кезіндегі түркімен дромедар түйе тұқымының созылмалдық индексі жынысына байланысты сәйкесінше 11,4–17,1 %-ға, шомбалдық индексі сәйкесінше 39,3–47,9 %-ға, мығымдылық индексі сәйкесінше 32,3–34,4 %-ға, ал сүйектілік индексі сәйкесінше 1,0–0,6 %-ға ұлғайған.

Жалпы, қазақ бактриан түйе тұқымы малдарының көрсеткіштері түркімен дромедары түйе тұқымына қарағанда дене құрамының барлық көрсеткіштері бойынша (созылмалдық, шомбалдық, мығымдылық және сүйектілік) айтарлықтай жоғары болатындығы анықталды.

Дене өлшемдері негізінде түйе тұқымдарының өсу көрсеткіштерін мақсатты талдау келесі ұрпақтардың дене өлшемдерінің ұлғаюын қамтамасыз етеді, әрі барлық тауарлық түйе шаруашылықтарында фенотипі бойынша түйелерді бағалауға, әрі экстерьері стандартқа сай ұрпақтарды алуға мүмкіндік береді.

REFERENCES

Baimukanov D.A., Alibayev N. (2000). Selektsionno-geneticheskie parametry kazakhskogo baktriana sozakskoy populyatsii. Poisk. Seriya estestvennykh i tekhnicheskikh nauk. — A.: VShK. 2000. № 6. Pp. 90–91. [in Russ.].

Baimukanov A. (2001). Kazakhskie baktriany molochnogo tipa. Selektsionnye dostizheniya Kazakhstana (sozdatели porod zhivotnykh): Vtoraya kniga. Zhivotnovodstvo. — A.: Bastau. 2001. P. 246. [in Russ.].

Baimukanov D.A., Semenov V.G., Iskhan K.Zh. (2020). Biological and production capacities of Kazakh Bactrian camels of various pedigrees. IOP Conference Series: Earth and Environmental Science. Vol. 604. 012029. https://doi.org/10.1088/1755-1315/604/1/012029 .

Baimukanov D.A., Iskhan K.Zh., Dzhunisov D. (2021). Tekhnologiya plemennoy raboty i sertifikatsiya plemennoy produktsii v verblyudovodstve [Technology of breeding work and certification of breeding products in camel farming]. Uchebnoe posobie. — A. 147 p. [in Russ.].

Baimukanov D.A., Iskhan K.Zh., Dzhunisov D. (2021). Tekhnologiya proizvodstva produktov verblyudovodstva [Technology of camel product production]. Uchebnoe posobie. — A. 182 p. [in Russ.].

Baimukanov D.A., Aubakirov K.A., Kargayeva M.T., Iskhan K.Z., Bekenov D.M., Yuldashbayev Y.A., Baimukanov D.A. (2023). Productivity of Horse and Camel Breeds from the Arid Zone of the Republic of Kazakhstan // OnLine Journal of Biological Sciences. Vol. 23. № 4. Pp. 402–410. https://doi.org/10.3844/ojbsci.2023.402.410 .

Dauletov S.A. (2021). Vremya budushchikh vozmozhnostey [A time of future opportunities]. Gazeta «Kazakhstanskaya pravda». [in Russ.].

Kurmanbay U.K. (2006). Ontustik Kazakhstan shel aymagynda tuye tolderinin osip-zhetilui men onimdiligi [Growth, development, and productivity of camel calves in the desert zone of southern Kazakhstan]. Avtoreferat kandidatskoy dissertatsii. Shymkent. [in Kaz.].

Musaev Z.M. (1992). Rost i razvitie verblyuzhat v razlichnykh zonakh Kazakhstana // Vestnik selskokhozyaystvennoy nauki Kazakhstana. — Alma-Ata. 1992. № 4. Pp. 92–94. [in Russ.].

Musaev Z.M., Baimukanov A. (2001). Verblyudovodstvo. Selektsionnye dostizheniya Kazakhstana (sozdateli porod zhivotnykh): Vtoraya kniga. Zhivotnovodstvo. — A.: Bastau. 2001. Pp. 240–245. [in Russ.].

Hoffmann I. (2010). Climate change and the characterization, breeding and conservation of animal genetic resources. Animal Genetics. Vol. 41. Pp. 32–46.

Raiymbek G., Kadim I., Konuspayeva G., Mahgoub O., Serikbayeva A., Faye B. (2015). Discriminant amino-acid components of Bactrian (Camelus bactrianus) and Dromedary (Camelus dromedarius) meat. Food Chemistry. Vol. 41. Pp. 194–200.

Razuan E., Ombayev A., Mirzakulov S., Buralkhiyev B., Kozhabergenov F. (2025). Biological and productive features of camel breeds bred in Kazakhstan // Brazilian Journal of Biology. Vol. 85. Article e289265. https://doi.org/10.1590/1519-6984.289265 .

Razuan E., Ombayev A.M., Dauletov S.A., Yeshmuratova S.T. (2026). Tuye tukymdarynyn tiriley salmagynyn zhasyna zhane zhynysyna baylanysty ozgeru erekshelikteri [Age- and sex-related changes in the live weight of camel breeds] // Izdenister, natizheler – Issledovaniya, rezultaty. 2026. № 2 (110). https://journal.kaznaru.edu.kz/index.php/research/article/view/1186/768 . [in Kaz.].

Faye B. (2015). Role distribution and perspective of camel breeding in the third millennium economies // Emirates Journal of Food and Agriculture. Vol. 27. Pp. 318–327.

Авторлардың үлесі:
Ерғали Разуан – зерттеу, мақаланы жазу, материалды өңдеу;
Омбаев Абдирахман Молданазарулы – жобаны басқару, әдістеме, қорытындылау;
Даулетов Сыдық Абуович – деректерді жинақтау, бақылау;
Мұканова Ляззат Балғабайқызы – тұжырымдама, әдебиетке шолу.

RESEARCH, RESULTS

SCIENTIFIC JOURNAL

ІЗДЕНІСТЕР, НӘТИЖЕЛЕР

ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ

ИССЛЕДОВАНИЯ, РЕЗУЛЬТАТЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ

Құрылтайшысы және баспагері:

«Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» КЕАҚ «Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясы» КЕАҚ

Бас редактор

Күрішбаев Ақылбек Қажығұлұлы

Жауапты редактор

Мрзабаева Раушан Жалиевна

Компьютерде беттеген

Асанова Жадыра Миримхановна

Редакция мен баспаның мекен-жайы:

050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Абай даңғылы, 8

Журнал сайты: https://journal.kaznaru.edu.kz/

30.10.2026 ж.